Тәжірибе барысында волонтерлік қызметке ерекше көңіл бөлінеді. Волонтерлік жұмыстар оқушылардың адамгершілік қасиеттерін, жауапкершілік сезімін және қоғамға пайдалы болуға деген ұмтылысын дамытады. Әсіресе әлеуметтік қолдауды қажет ететін азаматтарға көмек көрсету, экологиялық сенбіліктерге қатысу және қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру оқушылардың әлеуметтік тәжірибесін байытады.

Мектепте ата-аналармен бірлескен жұмыстар да жүйелі түрде жүргізіледі. Отбасы тәрбиесі мен мектеп тәрбиесінің сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында дөңгелек

үстелдер, семинарлар, тренингтер және ұлттық құндылықтарды насихаттауға арналған іс-шаралар ұйымдастырылады.

Практикалық жұмыстар барысында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктері де тиімді пайдаланылады. Тарихи деректі фильмдер, виртуалды экскурсиялар, электронды презентациялар және цифрлық платформалар арқылы өткізілген іс-шаралар оқушылардың қызығушылығын арттырып, тәрбиелік материалдарды сапалы меңгеруіне жағдай жасайды.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың мемлекеттік рәміздерге құрметі артты, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы күшейді, қоғамдық жұмыстарға қатысу белсенділігі жоғарылады.

**ҚОРЫТЫНДЫ**

Қазіргі қоғамның даму жағдайында оқушылардың азаматтық және патриоттық тәрбиесін қалыптастыру білім беру ұйымдарының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Азаматтық жауапкершілігі жоғары, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, қоғамдық өмірге белсенді араласатын тұлғаны тәрбиелеу мемлекеттің тұрақты дамуы мен ұлттық қауіпсіздігінің маңызды кепілі болып саналады.

Зерттеу барысында азаматтық және патриоттық тәрбиенің тиімділігі оның жүйелі, мақсатты және кешенді ұйымдастырылуына байланысты екендігі анықталды. Тәрбие үдерісінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу, тарихи сананы қалыптастыру, әлеуметтік белсенділікті дамыту және қоғамдық жауапкершілікті арттыру бағытындағы жұмыстардың маңызы зор.

Практикалық тәжірибе көрсеткендей, тәрбие сағаттары, әлеуметтік жобалар, волонтерлік қызмет, патриоттық акциялар, мәдени-танымдық іс-шаралар және мектеп пен отбасының өзара ынтымақтастығы оқушылардың азаматтық және патриоттық құндылықтарын дамытуда жоғары нәтижелер береді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану азаматтық-патриоттық тәрбиенің мазмұнын жаңғыртып, тәрбиелік ықпалдың сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Цифрлық ресурстарды, интерактивті әдістерді және жобалық оқыту технологияларын қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырып, тәрбиелік жұмыстардың нәтижелілігін күшейтеді.

Қорытындылай келе, азаматтық және патриоттық тәрбие – тұлғаның рухани, адамгершілік және әлеуметтік дамуының маңызды құрамдас бөлігі. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды білім беру ұйымдарында жүйелі түрде жетілдіру, ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиелік ортаны қалыптастыру және мектеп, отбасы, қоғам арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі болып қала береді.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Біртұтас тәрбие бағдарламасы. – Астана, 2023.
3. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – Астана, 2023.
4. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.
5. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Рауан, 2018.
6. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Эверо, 2019.
7. Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 2016.
8. Әлжанова Н.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.

**Ахметова Кенжеш Кенжебаевна**
Биология пәнінің мұғалімі, педагог-модератор
Жамбыл обылысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданының білім бөлімінің
«Александр Пушкин атындағы орта мектеп» КММ
Жамбыл облысы Байзақ ауданы Базарбай ауылы



# STEAM ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Білім беру жүйесіндегі заманауи талаптар. Қазіргі білім беру жүйесі оқушыларға тек дайын білім берумен шектелмей, олардың өз бетінше ойлауын, ақпаратты талдауын және өмірде қолдана алу қабілетін дамытуға бағытталған. Заманауи талаптарға сәйкес оқыту үдерісінде инновациялық технологиялар, зерттеу жұмыстары және пәнаралық байланыс кеңінен қолданылуда. Мұндай тәсілдер оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, білімді тәжірибеде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Оқушылардың сыни ойлау қабілетінің маңызы. Сыни ойлау – ақпаратты талдау, салыстыру, бағалау және дұрыс шешім қабылдау қабілеті. Бұл дағды оқушыларға түрлі мәселелерді жан-жақты қарастырып, өз пікірін дәлелдеуге үйретеді. Сыни ойлау қабілеті дамыған оқушы жаңа білімді тез меңгеріп, өмірлік жағдайларда тиімді шешім қабылдай алады.

STEAM білім берудің өзектілігі. STEAM білім беру – ғылым, технология, инженерия және математиканы біріктіріп оқытуға негізделген заманауи бағыт. Бұл тәсіл оқушыларды зерттеу жүргізуге, тәжірибе жасауға және нақты мәселелерді шешуге үйретеді. STEAM технологиясы оқушылардың сыни ойлауын, логикалық қабілетін және шығармашылық белсенділігін дамытуда маңызды рөл атқарады.

STEAM білім беру ұғымы және оның ерекшеліктері.STEM білім беру – ғылым, технология, инженерия және математиканы біріктіре отырып оқытуға негізделген заманауи білім беру бағыты. Бұл тәсіл оқушылардың теориялық білімін тәжірибемен байланыстырып, нақты мәселелерді шешуге үйретеді.

STEAM білім берудің басты ерекшелігі – пәнаралық байланыс, практикалық жұмыстар және зерттеу арқылы оқыту.

STEAM түсінігі (Science, Technology, Engineering,Art, Mathematics)

STEAM сөзі төрт негізгі саланың қысқартылған атауы болып табылады:

Science (Ғылым) – табиғат құбылыстарын зерттеу және түсіну;

Technology (Технология) – ғылыми білімді тәжірибеде қолдану;

Engineering (Инженерия) – түрлі құрылғылар мен жобаларды құрастыру және жобалау;

Mathematics (Математика) – есептеу, талдау және логикалық ойлауды дамыту.

Бұл бағыттар бірігіп, оқушылардың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді. STEAM білім берудің негізгі принциптері. STEM білім берудің негізгі принциптеріне пәнаралық байланыс,

тәжірибелік және зерттеу жұмыстары, проблеманы шешуге бағытталған тапсырмалар және оқушылардың белсенді қатысуы жатады. Мұнда оқушылар өз бетімен ізденіп, тәжірибе жасап, қорытынды шығарады.

STEAM технологиясының оқу процесіндегі рөлі. STEM технологиясы оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді. Ол оқушылардың сыни ойлауын, шығармашылық қабілетін және зерттеушілік дағдыларын дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, оқушылардың теориялық білімін практикамен байланыстырып, болашақ мамандықтарға бейімделуіне ықпал етеді. Сыни ойлау қабілеті және оны дамыту жолдары.

Сыни ойлау – оқушылардың ақпаратты терең түсініп, оны талдап, бағалап және дұрыс шешім қабылдай алу қабілеті. Бұл қабілетті дамыту үшін сабақ барысында проблемалық тапсырмалар, пікірталас, зерттеу жұмыстары және жобалық әдістер қолдану тиімді. Мұндай тәсілдер оқушыларды өз ойын еркін жеткізуге және дербес шешім қабылдауға үйретеді, дағдыға айналдырады.

Сыни ойлау ұғымы. Сыни ойлау – ақпаратты жан-жақты қарастырып, талдау, салыстыру, дәлелдеу және қорытынды жасау процесі. Бұл дағды оқушыларға мәселені біржақты емес, бірнеше қырынан қарауға мүмкіндік береді.

Сыни ойлаудың негізгі компоненттері. Сыни ойлаудың негізгі компоненттеріне ақпаратты талдау, логикалық ойлау, дәлелдер келтіру, өз пікірін негіздеу және қорытынды жасау жатады. Бұл компоненттер оқушылардың ойлау қабілетін, білімді саналы түрде меңгеруіне көмектеседі.

Оқушылардың талдау, салыстыру, дәлелдеу дағдыларын қалыптастыру. Оқушылардың талдау, салыстыру және дәлелдеу дағдыларын қалыптастыру үшін сабақта түрлі тапсырмалар, тәжірибелік жұмыстар және зерттеу әдістері қолданылады. Мұндай жұмыстар оқушыларға ақпаратты саралап, өз пікірін дәлелдеуге және негізделген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмыстарының оқушы дамуына әсері. Зерттеу жұмыстары оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, олардың ойлау қабілетін дамытады. Мұндай жұмыстар барысында оқушылар мәселені зерттеп, ақпарат жинап, талдау жасап, қорытынды шығарады. Нәтижесінде оқушылардың сыни ойлауы, шығармашылық қабілеті қалыптасады.

Зерттеу әдісінің мәні. Зерттеу әдісі – оқушылардың белгілі бір мәселені өз бетімен зерттеп, тәжірибе арқылы дәлелдеуіне негізделген оқыту тәсілі. Бұл әдіс ізденуге, сұрақ қоюға, болжам және нәтижесін талдауға үйретеді.

Ғылыми жоба және тәжірибелік жұмыстар. Ғылыми жоба мен тәжірибелік жұмыстар оқушылардың теориялық білімін практикамен ұштастыруға мүмкіндік береді. Оқушылар тәжірибе жасап, бақылау жүргізіп, алынған нәтижелерді салыстырып, қорытынды жасайды. Бұл олардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға, саралай алуларына ықпал етеді. Оқушының өз бетімен білім алу дағдысын қалыптастыру. Зерттеу жұмыстары оқушылардың өз бетімен білім алуына жағдай жасайды. Олар ақпаратты іздеп табуды, оны талдауды және жаңа білімді практикада қолдануды үйренеді. Мұндай дағдылар оқушылардың болашақта білімін үздіксіз жүйелі түрде жетілдіруіне негіз болады.

STEAM және зерттеу жұмыстары арқылы сыни ойлауды дамыту әдістері. Бұл тәсілдер арқылы оқушылар өз бетімен ізденіп, мәселені шешу жолдарын қарастырады. Сабақ барысында түрлі практикалық тапсырмалар мен зерттеу жұмыстары оқушылардың ойлау белсенділігін арттырып, білімді тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді. Проблемалық тапсырмалар. Проблемалық тапсырмалар оқушыларды ойлануға, сұрақ қоюға және мәселенің шешімін іздеуге жетелейді. Мұндай тапсырмалар арқылы оқушылар түрлі нұсқаларды қарастырып қана қоймай, өз пікірлерін қорғап, түрлі дәлелдер келтіре отырып дәлелдеуге үйренеді.

Жобалық жұмыс. Жобалық жұмыс барысында оқушылар белгілі бір тақырып бойынша зерттеу жүргізіп, өз жобасын ұсынады. Бұл әдіс оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, топпен жұмыс істеу және өз ойын жеткізу дағдыларын қалыптастырады.

Эксперименттік зерттеулер. Эксперименттік зерттеулер оқушылардың теориялық білімін тәжірибе арқылы тексеруге мүмкіндік береді. Тәжірибе жасау барысында оқушылар бақылау жүргізіп, алынған нәтижелерді талдайды және ғылыми қорытынды жасайды.

Талдау және қорытынды жасау. STEAM және зерттеу жұмыстарында алынған мәліметтерді талдау және қорытынды жасау маңызды кезең болып табылады. Бұл оқушыларға деректерді салыстырып, нәтижесінде оқушылардың сыни ойлау қабілеті қалыптасып, ғылыми көзқарасы дамиды.

Практикалық бөлім. Сабақта STEAM элементтері арқылы сыни ойлауды дамыту (ҚМЖ талдауы). Зерттеу жұмысының практикалық бөлігінде 10-сыныпта «Аденозинүшфосфаттың (АТФ) құрылысы мен қызметі» тақырыбы бойынша қысқа мерзімді жоспар негізінде сабақ ұйымдастырылды. Сабақтың мақсаты – оқушыларға АТФ-тың құрылымы мен қызметін түсіндіру ғана емес, сонымен қатар STEAM технологиялары арқылы олардың сыни ойлау, талдау және модельдеу дағдыларын дамыту болды.

1. Сабақтың ұйымдастыру кезеңі. Сабақтың басында оқушыларды «High energy», «Think energy», «Life energy» атты үш топқа бірігу жүзеге асырылды. Топқа бөлу кезінде адам ағзасының түрлі жүйелерінің энергия тұтыну деңгейі негізге алынды. Бұл әдіс оқушыларды бірден тақырыпқа бағыттап, энергияның тіршілік үшін маңызын түсінуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар оқушылар арасында өзара ынтымақтастық қалыптасты.

2. Science кезеңі (ғылыми талдау). Бұл кезеңде «Егер ағзада энергия болмаса...» атты себеп-салдар картасы тапсырмасы берілді. Оқушылар жұппен жұмыс жасап, АТФ энергиясының адам ағзасының түрлі жүйелеріндегі рөлін талқылады. Мысалы: ми жұмысы, бұлшықет жиырылуы, жүрек жұмысы, тыныс алу, қан айналым, ас қорыту, иммундық жүйе.

Бұл тапсырма арқылы оқушылар:

- энергияның ағзадағы маңызын түсінді;
- себеп-салдар байланысын анықтады;
- ғылыми тұрғыда пікір айтуға үйренді.

Осылайша, сыни ойлау дағдылары дамыды, себебі оқушылар тек ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны талдап, қорытынды жасады.

3. Technology кезеңі (модельдеу)

Бұл кезеңде оқушылар АТФ молекуласының құрылымын визуалды модель түрінде құрастырды. Модельде келесі элементтер көрсетілді:

- Аденин, рибоза, үш фосфат тобы

Оқушылар түрлі материалдарды (ермексаз, қағаз, таяқшалар, цифрлық құралдар) пайдаланып АТФ молекуласының макетін жасады.

Бұл жұмыс барысында оқушылар:

- молекуланың құрылымын нақты түсінді
- энергия бөлінетін орынды көрсетті
- абстрактілі ұғымды көрнекі түрде бейнелей алды.

Модельдеу тапсырмасы оқушылардың инженерлік және шығармашылық ойлауын дамытуға мүмкіндік берді

4. Engineering кезеңі (инженерлік модель)

Бұл бөлімде оқушылар АТФ-ты «энергия батареясы» ретінде макеттеді. Әр топ энергия бөліну механизмін түрлі модель арқылы көрсетті:

1-топ – серіппе моделі; 2-топ – магниттік модель; 3-топ – шар моделі

Оқушылар фосфат байланысының үзілуін және сол кезде энергия бөлінетінін тәжірибелік түрде көрсетті.

Бұл тапсырма:

- биологиялық құбылысты механикалық модель арқылы түсіндіруге
- инженерлік ойлауды дамытуға
- теорияны тәжірибемен байланыстыруға мүмкіндік берді.

5. Art кезеңі (шығармашылық ойлау)

«Митохондрия – энергия фабрикасы» тақырыбында оқушылар постер құрып, гипотеза жасады. Олар «Егер АТФ болмаса ағзада не болады?» деген сұраққа жауап іздеді.

Бұл кезеңде оқушылар:

- өз ойларын еркін жеткізді
- ғылыми болжам жасады
- шығармашылық қабілеттерін көрсетті.

6. Math кезеңі (математикалық түсіндіру)

Сабақта АТФ энергиясы математикалық модель арқылы түсіндірілді.

Мысалы: АТФ → АДФ + Р + энергия

Бұл теңдеу қаржылық аналогия арқылы түсіндірілді:

10000 теңге = 5000 + 2000 + 3000

Бұл тәсіл оқушыларға күрделі биохимиялық процесті қарапайым логикалық модель арқылы түсінуге көмектесті.

7. Сабақты бекіту

Сабақ соңында «Case study» әдісі қолданылды.

Оқушыларға өмірлік жағдайлар ұсынылды:

- 24 сағат тамақ ішпеген адам
- 1,5 сағат футбол ойнаған оқушы
- инфекциямен күресіп жатқан ағза

Оқушылар қай жүйелерде энергия көбірек жұмсалатынын талдап, ғылыми тұрғыда жауап берді. Бұл тапсырма білімді өмірмен байланыстыруға және логикалық ойлауды дамытуға мүмкіндік берді.

8. Сабақ нәтижесі

Сабақ барысында қолданылған STEAM әдістері оқушылардың:

- сыни ойлау,зерттеу дағдылары,модельдеу қабілеті,ғылыми талдау, топтық жұмыс, дағдыларын дамытуға ықпал етті.

Практикалық жұмыс нәтижесінде оқушылар АТФ-тың құрылысын ғана емес, оның ағзадағы энергия алмасудағы рөлін терең түсінді.

Қорытындылай келе, Қазіргі білім беру жүйесінде STEAM технологиясы мен зерттеу жұмыстары оқушылардың танымдық қабілетін дамытуда маңызды орын алады. Бұл тәсілдер оқушылардың білімді тек қабылдап қана қоймай, оны талдап, тәжірибеде қолдануына мүмкіндік береді. Нәтижесінде оқушылардың сыни ойлау қабілеті, шығармашылық белсенділігі және зерттеушілік дағдылары қалыптасады. STEAM технологиясының тиімділігі

STEAM технологиясы оқушылардың теориялық білімін тәжірибемен байланыстырып, нақты мәселелерді шешуге үйретеді. Сонымен қатар, оқушылардың логикалық ойлауын, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамытады. Бұл технология сабақтың мазмұнын қызықты әрі тиімді етеді.

Болашақта қолдану мүмкіндіктері. Алдағы уақытта STEAM технологиясын және зерттеу жұмыстарын оқу үдерісінде кеңінен қолдану білім берудің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер оқушыларды заманауи талаптарға бейімдеп, олардың ғылыми-техникалық бағыттағы қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы.
2. Назарбаев Зияткерлік мектептері. STEM білім беру бойынша әдістемелік нұсқаулық.
3. Қараев Ж. Оқыту технологиялары. – Алматы.
4. Тұрғынбаева Б. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы.
5. STEAM білім беру негіздері бойынша оқу-әдістемелік материалдар.

**Шегебай Гулжауһар Әуезханқызы**
Педагог-психолог
Түркістан облысы Арыс қаласы "Білім бөлімі" Мемлекеттік мекемесіне қарасты "№32 Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі



# МЕКТЕП ПСИХОЛОГЫ- ҒАЖАП МАМАНДЫҚ

**Аннотация:** мақалада мектеп психологы мамандығының қоғамдағы орны мен маңызы, білім беру жүйесіндегі рөлі, кәсіби қызметінің негізгі бағыттары және қазіргі кезеңдегі даму ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар оқушылардың психологиялық саулығын қамтамасыз ету, эмоционалдық интеллектіні дамыту, психологиялық қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру және цифрлық қоғам жағдайындағы мектеп психологының қызметін жетілдіру мәселелері ғылыми тұрғыдан талданады. Мектеп психологының кәсіби құзыреттілігі мен тұлғаның жан-жақты дамуына қосатын үлесі сараланып, заманауи психологиялық қызметтің инновациялық бағыттары сипатталады.

**Кілт сөздер:** мектеп психологы, психологиялық қызмет, психологиялық саулық, эмоционалдық интеллект, психологиялық қолдау, білім беру ортасы, психологиялық диагностика, психологиялық кеңес беру, тұлға дамуы, психологиялық қауіпсіздік.

Қазіргі қоғамда адамның психологиялық әл-ауқаты мен эмоционалдық тұрақтылығы маңызды әлеуметтік құндылықтардың біріне айналып отыр. Ғылыми-техникалық прогрестің жеделдеуі, ақпарат көлемінің артуы, әлеуметтік қатынастардың күрделенуі және өмір сүру қарқынының жоғарылауы адамның психологиялық ресурстарына үлкен талаптар қояды. Мұндай жағдайда білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің маңызы артып, мектеп психологы мамандығы ерекше сұранысқа ие болуда. Мектеп психологы – оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға, тұлғалық дамуын қолдауға және білім беру процесінің тиімділігін арттыруға бағытталған кәсіби қызметті жүзеге асыратын маман.

Мектеп психологының қызметі тек оқушылардың қиындықтарын шешумен ғана шектелмейді. Ол білім беру ұйымындағы барлық қатысушылардың психологиялық саулығын қамтамасыз ететін кешенді жүйенің маңызды буыны болып табылады. Психолог оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен және мектеп әкімшілігімен тығыз қарым-қатынас орната отырып, қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан мектеп психологын білім беру ұйымының психологиялық мәдениетін қалыптастырушы жетекші маман ретінде қарастыруға болады.

Қазіргі кезеңде мектеп психологының қызметі дәстүрлі бағыттардан әлдеқайда кең ауқымды қамтиды. Бұрын психологтың негізгі қызметі диагностика және түзету жұмыстарымен шектелсе, бүгінгі таңда оның кәсіби міндеттері психологиялық профилактика, психологиялық ағарту, эмоционалдық қолдау, дағдарыстық жағдайларда көмек көрсету және білім беру процесін психологиялық сүйемелдеуді қамтиды. Бұл мектеп психологының қоғамдағы рөлінің артып келе жатқанын көрсетеді.

Баланың тұлғалық қалыптасуы мектеп қабырғасында қарқынды жүреді. Осы кезеңде оқушылар түрлі психологиялық, әлеуметтік және эмоционалдық қиындықтарға тап болуы мүмкін. Оқу жүктемесінің артуы, құрдастар арасындағы қарым-қатынас мәселелері, отбасылық жағдайлар және өзіндік бағалаудың қалыптасуы оқушының психологиялық жағдайына әсер етеді. Осындай кезеңдерде мектеп психологының кәсіби қолдауы баланың қиындықтарды жеңуіне және өз әлеуетін толық ашуына мүмкіндік береді.

Мектеп психологының маңызды қызметтерінің бірі – психологиялық диагностика жүргізу. Диагностика арқылы оқушылардың жас ерекшеліктері, қабілеттері, қызығушылықтары, мінез ерекшеліктері және эмоционалдық жағдайлары зерттеледі. Алынған нәтижелер оқыту мен тәрбиелеу процесін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Сонымен қатар диагностика оқушылардың дамуындағы ықтимал қиындықтарды ерте анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта эмоционалдық интеллектіні дамыту мәселесі білім беру жүйесіндегі өзекті бағыттардың біріне айналды. Эмоционалдық интеллект адамның өз сезімдерін түсіну, басқару және басқалардың эмоцияларын дұрыс қабылдау қабілетін білдіреді. Ғылыми зерттеулер эмоционалдық интеллект деңгейі жоғары балалардың оқу жетістіктері мен әлеуметтік бейімделу көрсеткіштері жоғары болатынын дәлелдеп отыр. Осыған байланысты мектеп психологтары эмоционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған арнайы бағдарламалар мен тренингтерді кеңінен қолдануда.

Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қауіпсіздік мәселесі де ерекше маңызға ие. Психологиялық қауіпсіз ортада бала өзін еркін сезінеді, өз ойын ашық жеткізе алады және қателесуден қорықпайды. Мұндай орта оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырып, олардың жеке мүмкіндіктерін дамытуға ықпал етеді. Мектеп психологының негізгі міндеттерінің бірі – білім беру ұйымында осындай қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру.

Соңғы жылдары буллинг және кибербуллинг мәселелері бүкіл әлемде өзекті проблемаға айналып отыр. Құрдастар арасындағы зорлық-зомбылықтың кез келген түрі баланың психологиялық жағдайына теріс әсер етеді. Осыған байланысты мектеп психологтары профилактикалық бағдарламаларды жүзеге асырып, оқушылардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлуде. Сонымен қатар ата-аналар мен педагогтер арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі цифрлық қоғам жағдайында мектеп психологының қызметіне жаңа міндеттер жүктелуде. Балалардың интернет кеңістігіндегі белсенділігі олардың психологиялық дамуына әсер ететін маңызды факторға айналды. Әлеуметтік желілер, цифрлық коммуникациялар және виртуалды орта балалардың тұлғалық қалыптасуына жаңа мүмкіндіктермен қатар белгілі бір тәуекелдерді де алып келуде. Сондықтан мектеп психологтары цифрлық қауіпсіздік, интернет мәдениеті және ақпараттық сауаттылық мәселелері бойынша жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Мектеп психологының кәсіби қызметінде ата-аналармен жұмыс ерекше орын алады. Отбасы баланың дамуына ең күшті әсер ететін әлеуметтік институт болғандықтан, психолог ата-аналардың тәрбиелік құзыреттілігін арттыруға бағытталған жұмыстар ұйымдастырады. Психологиялық кеңестер, семинарлар, тренингтер және жеке консультациялар ата-аналардың бала тәрбиесіндегі тиімді стратегияларды меңгеруіне көмектеседі.

Қазіргі білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру кеңінен дамып келеді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау барысында мектеп психологының рөлі айрықша маңызды. Психолог баланың психологиялық бейімделуіне көмектесіп қана қоймай, педагогтер

мен ата-аналарға да кәсіби қолдау көрсетеді. Бұл инклюзивті білім беру сапасының артуына ықпал етеді.

Жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың дамуы мектеп психологының қызметіне де жаңа мүмкіндіктер ұсынуда. Психологиялық диагностика нәтижелерін талдау, оқушылардың даму динамикасын бақылау және психологиялық мониторинг жүргізу процестері цифрлық құралдар арқылы анағұрлым тиімді ұйымдастырылуда. Болашақта психологиялық қызметтің көптеген бағыттары интеллектуалды технологиялармен толықтырылуы мүмкін.

Мектеп психологы – тек мамандық қана емес, адамның ішкі жан дүниесін түсінуге бағытталған ерекше қызмет. Бұл мамандық жоғары кәсібилікті, жауапкершілікті, эмпатияны және үздіксіз өзін-өзі дамытуды талап етеді. Психологтың күнделікті еңбегі көптеген балалардың өміріндегі қиын кезеңдерді жеңуге, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға және тұлғалық дамуға ықпал етеді.

Қазіргі білім беру кеңістігінде мектеп психологының қызметі тек психологиялық көмек көрсетумен шектелмей, білім беру ұйымының стратегиялық даму ресурстарының біріне айналып келеді. Заманауи мектептерде психологиялық қызметтің тиімділігі оқушылардың үлгерімімен ғана емес, олардың өмір сапасымен, психологиялық әл-ауқатымен және әлеуметтік бейімделу деңгейімен де бағаланады. Осыған байланысты мектеп психологы білім беру ұйымының психологиялық климатын қалыптастыратын және оны тұрақты дамытатын маман ретінде қарастырылады.

Соңғы жылдары әлемдік психология ғылымында психологиялық әл-ауқат ұғымы ерекше маңызға ие болды. Психологиялық әл-ауқат адамның өзін қауіпсіз сезінуімен, өміріне қанағаттануымен, өз қабілеттерін жүзеге асыра алуымен және қоршаған ортамен үйлесімді қарым-қатынас орнатуымен сипатталады. Мектеп жағдайында мұндай көрсеткіштерді қалыптастыруда психологтың рөлі ерекше. Себебі бала өзін эмоционалдық тұрғыдан қауіпсіз сезінген жағдайда ғана білім алуға толыққанды қатыса алады және өзінің танымдық мүмкіндіктерін тиімді пайдаланады.

Қазіргі оқушылардың өмірінде алаңдаушылық деңгейінің артуы педагогикалық қауымдастықтың назарын аударып отырған маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Ақпараттық жүктеменің көбеюі, әлеуметтік салыстырудың күшеюі, жоғары нәтижеге ұмтылу және қоғамдық күтулердің артуы балалардың эмоционалдық жағдайына әсер етуде. Осындай жағдайда мектеп психологы балаларды эмоцияларды реттеуге, күйзелісті басқаруға және психологиялық тұрақтылықты қалыптастыруға үйрететін маңызды маман болып табылады. Психологиялық тұрақтылық қазіргі қоғамдағы табысты тұлғаның негізгі қасиеттерінің бірі ретінде қарастырылады.

Мектеп психологының қызметіндегі инновациялық бағыттардың бірі – резильенттілік дағдыларын дамыту болып табылады. Резильенттілік адамның қиын жағдайлардан кейін қайта қалпына келу, өзгерістерге бейімделу және күрделі өмірлік жағдайларды тиімді еңсеру қабілетін білдіреді. Заманауи психология ғылымы бұл қасиеттің балалық шақтан бастап қалыптасатынын дәлелдеп отыр. Сондықтан мектеп психологтары оқушылардың ішкі ресурстарын анықтауға және дамытуға бағытталған арнайы бағдарламаларды қолдануда.

Бүгінгі таңда мектеп психологының кәсіби қызметінде позитивті психология қағидалары кеңінен енгізілуде. Позитивті психология адамның әлсіз тұстарын түзетуге ғана емес, оның күшті жақтарын дамытуға бағытталады. Осы тұрғыдан алғанда мектеп психологы оқушылардың қабілеттерін анықтап, олардың жетістіктерін қолдап, өзіндік тиімділік сезімін қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі. Мұндай көзқарас балалардың өз мүмкіндіктеріне деген сенімін арттырып, тұлғалық өсуіне жағдай жасайды.

Қазіргі білім беру жүйесінде көшбасшылық қасиеттерді дамыту мәселесі де өзекті болып отыр. Мектеп психологы оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін, жауапкершілігін, бастамашылдығын және шешім қабылдау дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар ұйымдастырады. Бұл қасиеттер болашақта тұлғаның кәсіби және әлеуметтік табыстылығының маңызды алғышарттарына айналады.

Мектеп психологының жұмысы педагогтердің кәсіби әл-ауқатын сақтауда да маңызды орын алады. Қазіргі мұғалімдер үлкен эмоционалдық және интеллектуалдық жүктеме жағдайында еңбек етеді. Ұзақ уақытқа созылған стресс кәсіби қажуға әкелуі мүмкін. Осыған байланысты психолог педагогтердің эмоционалдық ресурстарын қолдау, кәсіби күйзелістің алдын алу және ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізеді. Мұндай қолдау білім беру сапасының артуына да оң әсер етеді.

Білім беру ұйымдарында конфликтологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселесі де мектеп психологының кәсіби құзыреттілігіне жатады. Оқушылар арасында, ата-аналар мен педагогтер арасында туындайтын келіспеушіліктерді конструктивті шешу мектеп ұжымындағы психологиялық тұрақтылықтың маңызды шарты болып табылады. Психолог медиативтік технологияларды пайдалану арқылы тараптардың өзара түсіністікке келуіне көмектеседі және жанжалдардың алдын алу жұмыстарын ұйымдастырады.

Заманауи мектептерде психологиялық мониторинг жүйесі кеңінен қолданылып келеді. Бұл жүйе оқушылардың эмоционалдық жағдайын, әлеуметтік бейімделуін және тұлғалық даму ерекшеліктерін ұзақ мерзімді бақылауға мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелері білім беру процесін жетілдіруге, тәуекел топтарын анықтауға және алдын алу жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

Осылайша, мектеп психологы – қазіргі білім беру жүйесіндегі ең маңызды және гуманистік мамандықтардың бірі. Оның қызметі баланың психологиялық саулығын сақтауға, тұлғалық әлеуетін дамытуға және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған. Заманауи қоғам жағдайында мектеп психологының рөлі артып, оның кәсіби қызметі білім беру сапасын арттырудың маңызды факторына айналып отыр. Сондықтан мектеп психологын шын мәнінде ғажап мамандық иесі деп атауға толық негіз бар.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Немов Р.С. Психология: учебник для педагогических вузов. – Москва: Юрайт, 2023. – 543 с.
2. Дубровина И.В. Практическая психология образования. – Москва: Юрайт, 2022. – 495 с.
3. Баева И.А. Психологическая безопасность образовательной среды. – Санкт-Петербург: Речь, 2021. – 304 с.
4. Волков Б.С., Волкова Н.В. Психология общения в образовании. – Москва: Академический проект, 2022. – 287 с.
5. Хухлаева О.В. Школьная психологическая служба: современные технологии сопровождения. – Москва: Генезис, 2023. – 256 с.
6. Леонтьев Д.А. Психология смысла и психологическое благополучие личности. – Москва: Смысл, 2021. – 512 с.
7. Асмолов А.Г. Психология личности: культурно-историческое развитие человека. – Москва: Просвещение, 2022. – 608 с.

**Сейтаева Динара Сериковна**
Бастауыш сынып мұғалімі
№143 жалпы орта білім беретін мектебі
Қазақстан, Шымкент қаласы



# LESSON STUDY – БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ ОҚЫТУ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТИІМДІ ТЕТІГІ

**Аңдатпа.** Мақалада бастауыш сыныптағы оқыту сапасын арттырудағы Lesson Study тәсілінің маңыздылығы қарастырылады. Lesson Study мұғалімдердің бірлескен зерттеу жұмысы арқылы сабақтың тиімділігін арттыруға, оқушылардың оқу жетістіктерін жақсартуға және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді. Мақалада аталған тәсілдің теориялық негіздері, оны тәжірибеде қолдану жолдары және оқыту үдерісіне тигізетін әсері сипатталады. Lesson Study үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері мен практикалық нәтижелері талданады.

**Түйінді сөздер:** Lesson Study, зерттеу сабағы, оқыту сапасы, бастауыш білім, кәсіби даму, педагогикалық тәжірибе.

## КІРІСПЕ

Қазіргі білім беру жүйесі қоғамның сұранысына сәйкес үнемі жаңарып, жетілдіріліп келеді. Бүгінгі таңда мектептің басты мақсаты – білім алушыларға сапалы білім берумен қатар, олардың сыни ойлауын, зерттеушілік қабілеттерін, шығармашылық белсенділігін және өмірлік дағдыларын дамыту болып табылады. Осы міндеттерді жүзеге асыру мұғалімнен үздіксіз ізденісті, кәсіби дамуды және оқыту тәжірибесін жүйелі түрде жетілдіруді талап етеді.

Білім беру саласындағы халықаралық тәжірибелер көрсеткендей, оқыту сапасын арттырудың тиімді жолдарының бірі – мұғалімдердің кәсіби қауымдастықта бірлесіп жұмыс істеуі. Осындай нәтижелі тәсілдердің қатарында Lesson Study ерекше орын алады. Бұл тәсіл алғаш рет Жапонияда қалыптасып, кейін әлемнің көптеген елдерінде білім беру сапасын жақсартудың тиімді құралы ретінде кеңінен қолданыла бастады.

Lesson Study – мұғалімдердің бірлескен зерттеу қызметіне негізделген педагогикалық тәсіл. Оның негізгі мақсаты – оқушылардың оқу үдерісін терең зерттеу арқылы сабақтың тиімділігін арттыру және білім беру тәжірибесін жетілдіру. Бұл тәсіл барысында мұғалімдер белгілі бір мәселені анықтап, зерттеу сабағын жоспарлайды, өткізеді, бақылайды және нәтижелерін талдайды. Соның негізінде келесі сабақтарды жетілдіру бойынша нақты шешімдер қабылданады.

Бастауыш мектепте Lesson Study тәсілін қолданудың маңызы ерекше. Себебі бұл кезеңде оқушылардың оқу дағдылары қалыптасып, білім алуға деген қызығушылығы дамиды. Мұғалімдер оқушылардың оқу әрекеттерін бақылау арқылы олардың қажеттіліктерін анықтап, оқытудың тиімді стратегияларын таңдай алады. Сонымен қатар зерттеу сабағы барысында

әртүрлі деңгейдегі оқушылардың оқу жетістіктері талданып, олардың даму жолдары айқындалады.

Соңғы жылдары Қазақстан мектептерінде де Lesson Study тәсілі кеңінен енгізілуде. Бұл тәсіл мұғалімдердің өз тәжірибесін зерттеуге, әріптестерімен тәжірибе алмасуға және оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Lesson Study мұғалімнің кәсіби өсуіне ғана емес, оқушылардың білім сапасының артуына да оң әсерін тигізеді.

Мақаланың мақсаты – бастауыш сыныптағы оқыту сапасын арттырудағы Lesson Study тәсілінің мүмкіндіктерін айқындау, оны тәжірибеде қолдану ерекшеліктерін көрсету және педагогтердің кәсіби қызметіндегі тиімділігін талдау.

**ӘДІСТЕМЕ**

Lesson Study – мұғалімдердің кәсіби дамуына бағытталған және оқыту тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік беретін зерттеу тәсілі. Оның басты ерекшелігі – мұғалімдердің бірлескен жұмысы арқылы сабақ сапасын арттыру және оқушылардың оқу әрекетін терең зерттеу. Бұл тәсілдің негізінде мұғалімдердің ынтымақтастығы, жүйелі бақылау, талдау және рефлексия үдерістері жатыр.

Lesson Study бірнеше кезеңнен тұрады. Алғашқы кезеңде зерттеу тобы құрылады және зерттеудің мақсаты анықталады. Мұғалімдер оқыту барысында кездесетін өзекті мәселені таңдап алады. Мысалы, оқушылардың мәтінді түсіну дағдысын дамыту, математикалық есептерді шешу қабілетін жетілдіру немесе оқу белсенділігін арттыру сияқты мәселелер зерттеу нысаны болуы мүмкін.

Келесі кезеңде зерттеу сабағының жоспары дайындалады. Сабақ жоспарын әзірлеу барысында мұғалімдер оқу мақсатына сәйкес тапсырмалар құрастырып, оқушылардың ықтимал әрекеттерін болжайды. Сонымен қатар бақылауға алынатын оқушылар анықталады. Әдетте зерттеу барысында жоғары деңгейлі, орта деңгейлі және қолдауды қажет ететін оқушылар таңдалып, олардың оқу әрекеттері бақылауға алынады.

Зерттеу сабағын өткізу кезінде бір мұғалім сабақты жүргізсе, қалған әріптестер бақылаушы рөлін атқарады. Олар мұғалімнің әрекетін емес, оқушылардың оқу барысын, тапсырмаларды орындау ерекшеліктерін, белсенділігін және қиындықтарын бақылайды.

Сабақ аяқталғаннан кейін талдау және рефлексия кезеңі жүзеге асырылады. Мұғалімдер бақылау нәтижелерін талқылап, оқушылардың жетістіктері мен кездескен қиындықтарын саралайды. Нәтижесінде келесі сабақты жетілдіруге арналған нақты ұсыныстар әзірленеді. Қажет болған жағдайда зерттеу сабағы қайта өткізіліп, енгізілген өзгерістердің тиімділігі бағаланады.

Lesson Study тәсілінің негізгі қағидаларының бірі – үздіксіз жетілдіру. Мұғалімдер әр зерттеу сабағынан кейін өз тәжірибелерін талдап, оқыту әдістерін жетілдіріп отырады.

**ПРАКТИКАДА ҚОЛДАНУ**

Бастауыш сыныптарда Lesson Study тәсілін қолдану оқыту сапасын арттыруда тиімді нәтиже береді. Өз тәжірибемізде бұл тәсілді оқу сауаттылығын және оқушылардың сабақтағы белсенділігін арттыру мақсатында пайдаландық.

Зерттеу жұмысы барысында үшінші сынып оқушылары қамтылды. Алғашқы кезеңде оқушылардың мәтін мазмұнын түсіну және негізгі ойды анықтау дағдыларында қиындықтар бар екендігі анықталды. Осы мәселені шешу мақсатында Lesson Study тобы құрылып, зерттеу сабағы жоспарланды.

Сабақ барысында оқушыларға мәтінмен жұмыс жасауға бағытталған түрлі тапсырмалар ұсынылды. Олар мәтінді бөліктерге бөліп оқу, маңызды ақпаратты анықтау, сұрақтарға жауап беру және мәтін бойынша қорытынды жасау жұмыстарын орындады. Мұғалімдер бақылауға алынған оқушылардың әрекеттерін мұқият қадағалап отырды.

Бақылау нәтижелері көрсеткендей, топтық жұмыс пен диалогтік оқыту элементтерін қолдану оқушылардың белсенділігін арттырды. Әсіресе бұрын сабаққа сирек қатысатын оқушылар өз пікірлерін білдіруге талпынып, тапсырмаларды орындауға қызығушылық танытты. Орта деңгейдегі оқушылардың мәтінді түсіну сапасы жақсарса, жоғары деңгейдегі оқушылар өз ойларын дәлелдеуде белсенділік көрсетті.

Зерттеу сабағынан кейін мұғалімдер бірлескен талдау жүргізді. Нәтижесінде кейбір тапсырмаларды жеңілдету, қосымша көрнекіліктер пайдалану және сараланған жұмыстар көлемін арттыру қажеттілігі анықталды.

Lesson Study үдерісі мұғалімдерге де үлкен тәжірибе берді. Әріптестер арасындағы кәсіби ынтымақтастық нығайып, сабақ жоспарлау мәдениеті жетілді. Мұғалімдер оқушылардың оқу әрекеттеріне тереңірек талдау жасап, тиімді оқыту стратегияларын таңдауға мүмкіндік алды.

Тәжірибе көрсеткендей, Lesson Study тек оқушылардың білім сапасын жақсартып қана қоймай, педагогтердің кәсіби дамуына да оң ықпал етеді.

**ҚОРЫТЫНДЫ**

Қазіргі білім беру жүйесінде оқыту сапасын арттыру педагог қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Осы міндетті жүзеге асыруда Lesson Study тәсілі өзінің тиімділігін дәлелдеген заманауи педагогикалық технологиялардың қатарына жатады. Бұл тәсіл мұғалімдерге өз тәжірибесін зерттеуге, әріптестерімен ынтымақтастық орнатуға және оқыту әдістерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Lesson Study үдерісі барысында мұғалімдер оқушылардың оқу әрекеттерін терең талдап, олардың білім алуындағы қиындықтарды анықтай алады. Нәтижесінде оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған нақты шешімдер қабылданып, сабақ сапасы артады. Сонымен қатар бұл тәсіл білім алушылардың оқу белсенділігін күшейтіп, оқу жетістіктерінің жоғарылауына ықпал етеді.

Зерттеу сабақтары мұғалімдердің кәсіби рефлексия жасауына, тәжірибе алмасуына және педагогикалық шеберлігін арттыруына жағдай жасайды. Әсіресе бастауыш сыныптарда Lesson Study тәсілін жүйелі түрде қолдану оқушылардың білім сапасын жақсартуға, оқу мотивациясын арттыруға және олардың тұлғалық дамуын қолдауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, Lesson Study – бастауыш сыныптағы оқыту сапасын жетілдірудің тиімді тетігі. Ол мұғалімнің кәсіби дамуына, оқушылардың білім жетістіктерінің артуына және білім беру үдерісінің сапалы ұйымдастырылуына оң әсер етеді. Сондықтан аталған тәсілді білім беру тәжірибесінде кеңінен қолдану бүгінгі күннің маңызды талаптарының бірі болып табылады.

**Қолданылған деректер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2024.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – Астана, 2023.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей бағдарламасы. – Астана: Педагогикалық шеберлік орталығы, 2022.
4. Dudley P. Lesson Study: A Handbook. – London: Lesson Study UK, 2019.
5. Lewis C. Lesson Study: A Handbook of Teacher-Led Instructional Change. – Philadelphia, 2018.
6. Макаренко А.С. Педагогикалық шығармалар. – Алматы: Рауан, 2020.
7. Выготский Л.С. Педагогикалық психология. – Алматы: Мектеп, 2021.
8. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – Москва: Народное образование, 2021.
9. Hattie J. Visible Learning for Teachers. – London: Routledge, 2020.
10. OECD. Teachers and School Learning Environments. – Paris, 2022.

**Бегимова Жадыра Абдикадыровна**
Тәрбиеші
№56 «Тұлпар» бөбекжай-бақшасы
Қазақстан, Шымкент қаласы



# «МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ XXI ҒАСЫР ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ»

**Аңдатпа.** Мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында XXI ғасыр дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Қазіргі қоғамның қарқынды дамуы мен жаһандану үдерісі білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Осыған байланысты мектеп жасына дейінгі балалардың сыни ойлауын, шығармашылық қабілетін, коммуникативтік мәдениетін, ынтымақтастық дағдыларын және зерттеушілік белсенділігін дамыту өзекті мәселелердің біріне айналды. Мақалада мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үдерісінде XXI ғасыр дағдыларын қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдері мен тәжірибелік мүмкіндіктері талданады.

**Түйінді сөздер:** XXI ғасыр дағдылары, мектепке дейінгі білім беру, сыни ойлау, шығармашылық, коммуникация, ынтымақтастық, зерттеушілік әрекет.

**Кіріспе**

Қазіргі әлем қарқынды өзгерістер дәуірін бастан өткеруде. Ғылым мен техниканың дамуы, цифрландыру үдерістерінің кеңеюі және ақпараттық қоғамның қалыптасуы білім беру жүйесіне жаңа талаптар қоюда. Бүгінгі таңда білім беру ұйымдарының негізгі мақсаты тек білім беру ғана емес, сонымен қатар өзгермелі ортада өмір сүре алатын, шығармашылық тұрғыдан ойлайтын, тиімді қарым-қатынас жасай алатын және түрлі мәселелерді өз бетінше шеше алатын тұлға тәрбиелеу болып табылады.

Халықаралық тәжірибеде мұндай қасиеттер XXI ғасыр дағдылары ретінде қарастырылады. Олардың құрамына сыни ойлау, шығармашылық қабілет, коммуникация, ынтымақтастық, ақпараттық сауаттылық және зерттеушілік дағдылар жатады.

Мектепке дейінгі кезең – баланың жеке тұлғалық қасиеттері мен негізгі дағдылары қалыптасатын ерекше кезең. Осы уақытта баланың танымдық қызығушылығы, қоршаған ортаға деген белсенділігі, қарым-қатынас жасау қабілеті және шығармашылық әлеуеті қарқынды дамиды. Сондықтан XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыру жұмыстары дәл осы кезеңнен басталуы қажет.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған ойын әрекеті, шығармашылық жұмыстар, зерттеу тапсырмалары және топтық жұмыстар олардың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді. Мұндай жұмыстар баланың тек білім алуына ғана емес, оның әлеуметтік бейімделуіне, өз ойын еркін жеткізуіне және қоршаған ортамен тиімді өзара әрекет жасауына жағдай жасайды.

Қазіргі мектепке дейінгі педагогикада балаға дайын білім беру емес, оның танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған оқыту тәсілдері басымдыққа ие болып отыр. Осыған

байланысты тәрбиешінің рөлі де өзгеруде. Бүгінгі тәрбиеші балалардың қабілеттерін ашуға, олардың дербестігін қолдауға және зерттеушілік әрекетін дамытуға бағытталған білім беру ортасын ұйымдастырушы ретінде қарастырылады.

**Әдістеме**

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыру баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды педагогикалық міндеттердің бірі болып табылады. Бұл дағдыларды қалыптастыру барысында баланың жас ерекшеліктері, психологиялық даму деңгейі және танымдық қажеттіліктері ескерілуі тиіс.

XXI ғасыр дағдыларын дамытуда тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы ерекше орын алады. Бұл технология баланың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын және қабілеттерін ескере отырып ұйымдастырылады. Мұндай тәсіл әр баланың өз әлеуетін толық ашуына мүмкіндік береді. Тәрбиеші балалардың белсенді қатысуына жағдай жасап, олардың өзіндік пікір айтуына, таңдау жасауына және шешім қабылдауына қолдау көрсетеді.

Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ойын әрекеті негізгі даму құралы болып табылады. Осыған байланысты XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыруда ойын технологияларын қолдану жоғары нәтиже береді. Рөлдік, сюжеттік және іскерлік ойындар барысында балалар қарым-қатынас жасауға, ынтымақтастықта әрекет етуге, өз ойын жеткізуге және түрлі мәселелерді шешуге үйренеді.

Балалардың сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру үшін проблемалық жағдаяттарды қолдану тиімді болып табылады. Тәрбиеші балаларға ойлануды қажет ететін сұрақтар қойып, олардың өз болжамдарын айтуына мүмкіндік береді. Мысалы, табиғат құбылыстары, қоршаған орта немесе күнделікті өмірде кездесетін жағдайлар бойынша сұрақтар қою арқылы балалардың талдау, салыстыру және қорытынды жасау дағдылары қалыптасады.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту мақсатында өнер, құрастыру, сурет салу және театрландырылған әрекеттер кеңінен қолданылады. Мұндай жұмыстар барысында балалар өз қиялын еркін пайдаланып, жаңа идеялар ұсынуға үйренеді. Шығармашылық тапсырмалар баланың дербестігін арттырып қана қоймай, оның эмоционалдық дамуына да оң әсер етеді.

Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруда топтық жұмыстардың маңызы зор. Балалар бірлескен әрекет барысында пікір алмасады, өзара келісімге келеді және ортақ мақсатқа жетуге ұмтылады.

Зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру үшін қарапайым тәжірибелер мен бақылау жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады. Балалар табиғат құбылыстарын бақылау, өсімдіктердің өсуін зерттеу, су мен құмның қасиеттерін анықтау сияқты әрекеттер арқылы қоршаған әлемді тануға қызығушылық танытады. Мұндай жұмыстар олардың танымдық белсенділігін арттырып, ғылыми ойлаудың бастапқы элементтерін қалыптастырады.

Қазіргі кезеңде цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану да өзекті болып отыр. Интерактивті ойындар, танымдық бейнематериалдар және электрондық ресурстар балалардың қызығушылығын арттырып, оқу материалын жеңіл қабылдауына мүмкіндік береді. Алайда цифрлық құралдарды пайдалану баланың жас ерекшелігіне сәйкес және педагогикалық мақсаттарға негізделген жағдайда ғана тиімді нәтиже береді.

Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру үдерісінде ата-аналармен ынтымақтастық орнату да маңызды факторлардың бірі болып табылады. Отбасы мен балабақша арасындағы серіктестік балалардың дағдыларын дамыту жұмыстарын жүйелі жүргізуге мүмкіндік береді. Бірлескен жобалар, шығармашылық жұмыстар және тәрбиелік іс-шаралар арқылы балалардың әлеуметтік және тұлғалық дамуы қолдау табады.

**Практикада қолдану**

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыру теориялық біліммен ғана шектелмей, күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметі мен тәрбиелік жұмыстар барысында жүйелі түрде жүзеге асырылады.

Тәжірибе барысында балалардың сыни ойлауын, шығармашылық қабілеттерін, коммуникативтік және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған түрлі педагогикалық технологиялар қолданылды. Атап айтқанда, ойын технологиялары, зерттеу әрекеттері,

шығармашылық тапсырмалар, жобалық жұмыстар және топтық іс-әрекеттер тиімді пайдаланылды.

Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту мақсатында күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметтерінде жұптық және топтық жұмыстар жүйелі түрде енгізілді. «Достық шеңбері», «Ойынды бөліс», «Сұрақ-жауап алаңы» сияқты әдістер балалардың өз пікірін еркін жеткізуіне, құрдастарымен қарым-қатынас жасауына және бір-бірін тыңдау мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Нәтижесінде балалардың сөздік қоры кеңейіп, өз ойын жүйелі жеткізу қабілеті дамыды.

Шығармашылық ойлауды дамыту мақсатында сурет салу, мүсіндеу, құрастыру және театрландырылған қойылымдар ұйымдастырылды. Әсіресе ертегілерді сахналау барысында балалар кейіпкерлердің рөлін сомдап, өздерінің қиялын дамытуға мүмкіндік алды.

Зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру барысында қарапайым тәжірибелер мен бақылау жұмыстары жүргізілді. Мысалы, «Су қайда жоғалады?», «Тұқым қалай өседі?», «Құм мен судың қасиеттері» тақырыптарында тәжірибелік жұмыстар ұйымдастырылды. Балалар бақылау жүргізіп, өз болжамдарын айтып, нәтижелерді салыстыру арқылы қорытынды жасауға үйренді.

**Введение.** В условиях стремительного развития цифровых технологий и трансформации системы образования особую актуальность приобретает внедрение инновационных решений в процесс обучения иностранным языкам. Одним из наиболее перспективных направлений является интеграция технологий искусственного интеллекта, обеспечивающих персонализацию обучения, автоматизацию учебных процессов и повышение уровня вовлечённости обучающихся [1; 5].

Современное языковое образование требует не только передачи грамматических и лексических знаний, но и формирования способности использовать иностранный язык в реальных коммуникативных ситуациях. В связи с этим возрастает необходимость применения таких технологий, которые позволяют создавать интерактивную образовательную среду, адаптированную к уровню, потребностям и темпу обучения каждого обучающегося.

Несмотря на широкое распространение цифровых образовательных ресурсов, традиционные методы обучения иностранным языкам не всегда позволяют в полной мере учитывать индивидуальные особенности обучающихся и обеспечивать достаточный уровень коммуникативной практики. В этой связи использование технологий искусственного интеллекта рассматривается как эффективный инструмент модернизации языкового образования.

Актуальность данной темы также обусловлена тем, что искусственный интеллект может применяться при обучении различным иностранным языкам, однако эффективность его использования зависит от языковой специфики. Так, методы, применяемые при обучении английскому языку, не всегда могут быть полностью перенесены на обучение китайскому или другим языкам, имеющим иные фонетические, грамматические и графические особенности.

Целью данной статьи является анализ возможностей интеграции технологий искусственного интеллекта в процесс обучения иностранным языкам, а также выявление языковой специфики их применения.

**Методика интеграции технологий искусственного интеллекта.** Искусственный интеллект в образовательном процессе представляет собой совокупность цифровых технологий, направленных на автоматизацию, адаптацию и оптимизацию обучения [4]. В контексте изучения иностранных языков данные технологии используются для создания интерактивной образовательной среды, способствующей развитию языковых навыков, повышению мотивации обучающихся и индивидуализации учебного процесса.

Методика интеграции искусственного интеллекта в обучение иностранным языкам основывается на принципах сочетания традиционных педагогических подходов и

современных цифровых инструментов. Искусственный интеллект в данном случае не заменяет преподавателя, а выполняет вспомогательную функцию, расширяя возможности учебного процесса. Преподаватель остаётся ключевым субъектом обучения, осуществляя постановку целей, отбор содержания, контроль результатов и корректировку образовательной траектории обучающихся.

Важным методическим принципом является адаптивность обучения, реализуемая с помощью интеллектуальных систем. Современные инструменты, такие как ChatGPT и Duolingo, позволяют учитывать уровень языковой подготовки обучающихся, их индивидуальные особенности и темп усвоения материала. Это достигается за счёт анализа действий пользователя и автоматической настройки содержания заданий, что способствует более эффективному усвоению учебного материала.

Использование технологий искусственного интеллекта способствует развитию всех видов речевой деятельности: говорения, письма, аудирования и чтения. Интерактивные системы позволяют моделировать реальные коммуникативные ситуации, предлагать обучающимся разнообразные языковые задачи, а также обеспечивать мгновенную обратную связь. Такой формат взаимодействия способствует формированию коммуникативной компетенции и развитию навыков самостоятельной работы [6].

Методика применения искусственного интеллекта в обучении иностранным языкам включает несколько последовательных этапов. На первом этапе преподаватель определяет дидактическую цель и выбирает соответствующий цифровой инструмент. На втором этапе формулируется учебная задача, которая может включать создание диалогов, выполнение грамматических упражнений, анализ текста или работу с лексическим материалом. На третьем этапе обучающиеся выполняют задания с использованием выбранного инструмента, взаимодействуя с системой и получая обратную связь. На заключительном этапе преподаватель анализирует результаты, корректирует ошибки и оценивает эффективность применения технологии.

Кроме того, важным элементом методики является интеграция искусственного интеллекта в различные формы организации учебного процесса. Технологии могут использоваться как на аудиторных занятиях, так и в рамках самостоятельной работы обучающихся. Это позволяет расширить образовательное пространство и обеспечить непрерывность обучения, что особенно важно в условиях цифровизации образования [7].

Эффективность применения искусственного интеллекта во многом зависит от специфики изучаемого языка. Например, при обучении английскому языку основной акцент делается на развитии коммуникативных навыков, построении высказываний и взаимодействии в диалогах. В то же время при изучении китайского языка возрастает значение визуальной памяти, графического восприятия, правильного написания иероглифов, а также фонетических особенностей, включая тональность. Это требует использования различных подходов и адаптации цифровых инструментов с учётом типологических особенностей языка.

Следует отметить, что использование искусственного интеллекта связано не только с преимуществами, но и с определёнными ограничениями. К числу потенциальных трудностей можно отнести зависимость обучающихся от цифровых технологий, возможное снижение уровня критического мышления при неконтролируемом использовании систем, а также необходимость методической подготовки преподавателей для эффективной интеграции данных инструментов в учебный процесс.

Таким образом, методика интеграции технологий искусственного интеллекта в обучение иностранным языкам должна строиться на принципах целесообразности, адаптивности, системности и педагогического контроля. Грамотное сочетание традиционных методов обучения и современных интеллектуальных технологий позволяет повысить эффективность образовательного процесса и обеспечить более качественное формирование языковых компетенций.

**Практическое применение технологий искусственного интеллекта в обучении иностранным языкам.** Практическое применение технологий искусственного интеллекта в

обучении иностранным языкам может быть реализовано через использование интерактивных заданий, моделирование диалогических ситуаций и организацию работы с лексическим материалом. Интеграция цифровых инструментов в учебный процесс позволяет сделать обучение более гибким, адаптивным и ориентированным на развитие коммуникативных навыков обучающихся.

В рамках учебного процесса использование генеративных моделей, таких как ChatGPT, позволяет создавать коммуникативные ситуации, максимально приближенные к реальному общению. Обучающимся предлагается вести диалог с системой, отвечать на вопросы, продолжать беседу или формулировать собственные высказывания по заданной теме. Такой формат работы способствует развитию навыков говорения, снижает языковой барьер и формирует уверенность в использовании иностранного языка [2].

Кроме того, искусственный интеллект активно применяется при разработке заданий различного уровня сложности. Преподаватель может использовать цифровые инструменты для генерации упражнений на перевод, составление предложений, заполнение пропусков, трансформацию грамматических конструкций и анализ текстов. Важным преимуществом является возможность адаптации заданий под уровень обучающихся, что обеспечивает индивидуальный подход и повышает эффективность обучения.

Практическое применение технологий искусственного интеллекта также включает организацию самостоятельной работы обучающихся. Цифровые платформы предоставляют возможность выполнять задания вне аудитории, повторять изученный материал и закреплять полученные знания. Обучающиеся могут самостоятельно регулировать темп обучения, возвращаться к сложным темам и отслеживать свой прогресс, что способствует формированию навыков самообразования.

Особое значение имеет использование интеллектуальных технологий при работе с лексическим материалом. Применение цифровых платформ, таких как карточки, тесты и интерактивные упражнения, позволяет эффективно запоминать новые слова и выражения. Регулярное повторение и автоматизированная проверка знаний способствуют более прочному усвоению лексики. Кроме того, использование контекстных заданий позволяет обучающимся видеть, как слова функционируют в реальной речи [7].

В процессе практического применения технологий искусственного интеллекта важную роль играет деятельность преподавателя. Он не только выбирает инструменты и формулирует задания, но и направляет учебный процесс, контролирует результаты и корректирует ошибки. Использование интеллектуальных систем требует методически грамотного подхода, чтобы избежать формального выполнения заданий и обеспечить осознанное усвоение материала [3].

В рамках учебных занятий возможно комбинирование различных форм работы. Например, на начальном этапе преподаватель может предложить обучающимся выполнить задание с использованием искусственного интеллекта, после чего организовать обсуждение результатов в группе. Такой подход позволяет сочетать индивидуальную и коллективную формы обучения, развивая как языковые, так и коммуникативные навыки.

Анализ практического применения технологий искусственного интеллекта показывает, что их использование способствует повышению мотивации обучающихся, улучшению качества усвоения материала и развитию самостоятельности. Вместе с тем следует учитывать, что эффективность применения данных технологий зависит от уровня подготовки обучающихся, специфики изучаемого языка и методической компетентности преподавателя.

Таким образом, практическое применение технологий искусственного интеллекта в обучении иностранным языкам представляет собой эффективный инструмент модернизации образовательного процесса, обеспечивающий сочетание интерактивности, адаптивности и ориентации на индивидуальные потребности обучающихся.

**Рекомендации.** Для эффективного внедрения технологий искусственного интеллекта в обучение иностранным языкам преподавателям рекомендуется сочетать цифровые инструменты с традиционными методами обучения. Искусственный интеллект не должен полностью заменять объяснение преподавателя, живое общение и контроль учебного

процесса. Его целесообразно использовать как вспомогательный инструмент для создания заданий, организации практики, повторения материала и получения дополнительной обратной связи.

При выборе цифровых инструментов необходимо учитывать уровень подготовки обучающихся, цели занятия и специфику изучаемого языка. Например, при обучении английскому языку можно активнее использовать генерацию диалогов, текстов и коммуникативных ситуаций, тогда как при изучении китайского языка важно уделять внимание инструментам, связанным с визуальным восприятием, распознаванием иероглифов, произношением и тональностью.

Перед использованием интеллектуальных систем следует проводить предварительную подготовку обучающихся: объяснять правила работы с цифровыми ресурсами, показывать примеры корректных запросов и формировать навыки критического анализа полученных ответов. Это особенно важно, поскольку искусственный интеллект может допускать ошибки, а обучающиеся должны уметь проверять и осмысленно использовать предложенную информацию [6].

Оценка эффективности применения технологий искусственного интеллекта должна осуществляться комплексно. Рекомендуется учитывать не только результаты тестов и письменных заданий, но и уровень вовлечённости обучающихся, качество устных ответов, самостоятельность выполнения заданий и динамику развития языковых навыков. Такой подход позволит использовать искусственный интеллект более осознанно и методически обоснованно.

**Заключение.** Интеграция технологий искусственного интеллекта в процесс обучения иностранным языкам представляет собой одно из наиболее перспективных направлений развития современного образования. Проведённый анализ показал, что использование интеллектуальных технологий способствует повышению эффективности учебного процесса за счёт персонализации обучения, автоматизации ряда педагогических задач и расширения возможностей для самостоятельной работы обучающихся. Искусственный интеллект позволяет создавать интерактивную образовательную среду, в которой обучающиеся могут активно развивать навыки говорения, письма, аудирования и чтения.

Вместе с тем результаты исследования свидетельствуют о том, что успешность применения данных технологий во многом зависит от методически грамотного подхода со стороны преподавателя. Особое значение имеет учёт языковой специфики, поскольку различные иностранные языки требуют использования различных методов и инструментов обучения. Универсальные решения не всегда обеспечивают высокий результат, что обусловливает необходимость адаптации цифровых технологий к особенностям конкретного языка.

Следует также отметить, что искусственный интеллект не может полностью заменить традиционные методы обучения и педагогическое взаимодействие. Его эффективность достигается при рациональном сочетании с классическими подходами и при активной роли преподавателя в организации учебного процесса.

Перспективы дальнейших исследований связаны с разработкой более детализированных методик использования искусственного интеллекта в обучении различным иностранным языкам, а также с изучением его влияния на формирование коммуникативной компетенции и уровень языковой подготовки обучающихся в условиях цифровой образовательной среды.

**Список использованных источников:**

1. Адилханова Ж. Искусственный интеллект в высшем образовании в контексте программы «Цифровой Казахстан» // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия Иностранная филология. – 2024.

2. Назарбекова Г. А. Изучение английского языка через искусственный интеллект: новые горизонты обучения // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия Филологические науки. – 2025. – № 91(1). – С. 111–125.

**Анарбек Жаннур Нұрғазықызы**[1] - 6В01505 - «Биология мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының студенті
**Мырзаділ Ермұхаммед Ерболұлы**[2] - 6В01505 - «Биология мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының студенті
**Агибаева Алмагуль Кадыровна**[3] - в.ғ.к., доцент
[1,2,3]М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті,
Тараз қ., Қазақстан

# ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІНЕ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘСЕРІ

Қант қызылшасы Жер шарында 9,5 млн га аумақта өсіріледі, оның жартысына жуығы ТМД елдеріне (Украина, Ресей, Молдова, Беларусь) тиесілі. Қазақстанда ол республиканың оңтүстік-шығысындағы суармалы жерлерде (Алматы және Жамбыл облыстары) өсіріледі. Жамбыл облысы республикадағы қант қызылшасы шикізатының жалпы өндірісінің шамамен 60%-ын құрайды.

1991 жылға дейін Қазақстанда қант қызылшасының егіс алқабы 57 мың га болса, соңғы жылдары егіс алқабы шамамен 20 мың га құрайды. Республикада 8 қант зауыты бар, қант қызылшасының шикізаты аз болғандықтан, олар қант қамысынан қант өндіруге қайта жабдықталған. Яғни, шикізаттың өткір тапшылығы сезіледі.

Қант қызылшасы – құнды техникалық дақыл. Республикада қант негізінен қант қызылшасынан алынады, себебі оның тамыр жемісі көмірсуларға бай, құрамындағы сахароза мөлшері 13-20% шамасында. Қант сондай-ақ қант қамысынан (балкурай) өндіріледі. Балкурай – жер шарында 70-тен астам елде өсетін тропиктік және субтропиктік аймақтардағы көпжылдық өсімдік. Балкурай қантының өнімділігі қант қызылшасынан екі есе төмен.

Зауыттарда қызылшаны өңдеуден кейінгі меласса, сығынды түріндегі қалдықтар мал азығына пайдаланылады. Сонымен қатар, меласса кондитерлік және тамақ өнеркәсібі үшін шикізат болып табылады. 100 ц тамыр жемісті өңдеуден 13-16 ц қант, 83-90 ц сығынды және 3,5-4 ц меласса алынады. Демек, елімізде қант қызылшасы тек техникалық дақыл ғана емес, сонымен қатар маңызды малазықтық дақыл болып табылады. Азықтық құндылығы бойынша қант қызылшасы малазықтық қызылшадан екі есе құнды болып табылады.

Қант қызылшасын өндіру қалдықтарының құрамында 40-50% ізбес, 15% органикалық заттар, 0,2—1,7% азот, 0,2—0,9% фосфор және 0,5—0,9% калий болатындықтан, бұл қалдықтар жақсы тыңайтқыш та бола алады.

Ботаникалық тұрғыдан қант қызылшасы Chenopodiaceace тұқымдасына, Beta туысына Vulgaris түріне жатады. Сондай-ақ, жапырақты қызылша, малазықтық қызылша және ас қызылшасы сияқты түрлері бар.

Қант қызылшасы – екі жылдық шөптесін, ұзақ күндік өсімдік. Бұл өсімдіктің жемісі – жаңғақша, гүлсидамы – иілген масақ түріндегі күрделі гүлшоғыр, тамыр жемісінен биіктіктері бірдей болып келетін, тамыр жемісінің басынан тарайтын, майда сабақтары шығады. Жемісі – бір тұқымды қызылшада қорапша, көп тұқымды қызылшада шоқтар түзіледі. Қызылша тұқымы оңтайлы жағдайда 5-8 күн ішінде өнеді. Бірінші жылы оның қоректік заттары бар тамыры мен жапырақ шоғы өседі. Осы жылғы өсу кезеңінің ұзақтығы 150 – 170 күн. Екінші жылы топыраққа отырғызылған қант қызылшасының жемісінен гүл шашатын сабақ және тұқым пайда болады. Екінші жылғы өсу кезеңінің ұзақтығы 100 – 125 күн.

Қызылшаның тамыр жемісінің пішіні тек таныс, типтік пішінде ғана емес. Сорт ерекшеліктеріне байланысты пішіні жалпақтан конус тәріздіге дейін өзгеруі мүмкін. Ал тамыр жемісінің түсі дақылды өсіру жағдайларына, ең алдымен өсетін географиялық орнына байланысты. Ол ақ және ақ-жасылдан сары және қызылдың барлық реңктерінен қою-қоңырға дейін өзгеруі мүмкін. Тамыр жемістер бетінің текстурасы да – толығымен тегістен кедір-бұдырлыға дейін өзгеруі мүмкін. Сонымен қатар, беті торлы, сызықты және науалы түрлері де кездеседі (1-сурет).



1- сурет – Тамыр жемістердің пішіндері

Қант қызылшасының тамырлары көптеген тармақтарға ие, олар 40-50 см-ге дейін жан-жаққа тарайды, топыраққа 2-2,5 м тереңдікке ене алады. Оның орталық тамыры өсіп, тамыржеміске айналады. Өсімдіктің жетілген тамыржемісінің массасы 500-800 г және одан жоғары болады. Тамыржемісі – пішіні бойынша конус тәрізді, басы, мойны, тамыр жемістің өзі және құйрығы болады.

Қант қызылшасы өсу жағдайларына өте жоғары талаптар қояды. Қант қызылшасының тамырларында жинақталатын қант мөлшерінің жарықтану қарқынына тікелей тәууелді екендігіне байланысты, бұлтты және жаңбырлы ауа райында тамыр жемісінің өнімділігі және қанттылығы төмен болады. Жарық неғұрлым жақсы болса, көмірсулардың синтезделу процесі соғұрлым жақсы өтеді. Қант қызылшасының топырақ құнарлылығына, ылғалдылығына және макро- және микроэлементтермен қамтамасыз етілуіне талаптары да жоғары.

Қазақстанда гибридті селекция әдісімен бір тұқымды қант қызылшасының, Қазақ полигибриді 24, Денок-Моно-1, Қазақ МС-28 гибридтері алынды. Әр түрлі қатарлар, олардың ішінде – шаруашылық белгілері бойынша 120 қатар, ризоманияға төзімділігі бойынша – 27 қатар және церкоспорозға төзімділігі бойынша – 6 қатар алынған. Сәтті жүргізілген селекциялық жұмыстардың нәтижесінде, қант қызылшасының селекциясы үшін құнды бастапқы материал ретінде СОАН-5, СОАН-11, СОАН-98 және СОАН-22 қатарлары Кеңестік Мемлекеттік Тізілімге енгізілді.

Қазіргі уақытта елімізде қант қызылшасының генофондын зерттеумен, сондай-ақ оның селекциясымен және тұқым шаруашылығымен айналысатын жалғыз ғылыми мекеме – Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты болып табылады. Институт ғалымдары осы дақылдың шамамен 15 гибридін жасаған. Олардың ішінде «Тараз» гибриді Жамбыл облысында қолданылады. Бұл стерильді негізде жасалған, өнімділік-қантты бағыттағы бір тұқымды диплоидты гибрид. «Тараз» гибридінің тамыр жемістерінің орташа өнімділігі суармалы жағдайда 570 ц/га құрады. Қант жинау - 100,9 ц/га, ал қанттылығы 17,7% болды.

Өткен ғасырдың 80-жылдарының соңына дейін Жамбыл облысында қант қызылшасы 42 000 га алқапта өсірілген. 90-жылдардағы экономикалық өзгерістерге байланысты дақыл алқабы бес есе қысқарды, ал соңғы жылдары небары 290 га құрады. Қант қызылшасы саласының тоқырауына қант зауыттарының (Жамбыл облысында – «Қант» АҚ және «Меркі қант зауыты» ЖШС) қант қызылшасына қарағанда қант қамысын өңдеуге басымдық беретіндігі себеп болып отыр. Бүгінгі таңда Жамбыл облысында қант қызылшасын өсірумен

7 аудан айналысады. Қордай, Рысқұлов және Меркі аудандарында дақылды егудің елеулі көлемі жүзеге асырылған. «Қант» АҚ-ы тәулігіне үш мың тонна қант қызылшасын және 450 тонна қант шикізатын өңдей алады, «Меркі қант зауыты» ЖШС – 3 тонна қызылша және 400 тонна қант шикізатын өңдейді. Алайда, бұл кәсіпорындарды қант қызылшасын өңдеу бойынша жеткілікті көлемде жұмыспен қамтамасыз ету үшін қызылша өсіру алқаптарымен қоса, қызылшаның өнімділігін арттыру қажет.

Тыңайтқыштардың өнімділікке, тамыр жемістерінің қанттылығына және қант жинақтауына әсерін зерттеу мақсатында жарияланған ғылыми көздер мәліметтерін жинақтап, талдай келе қызылша өнімділігіне әсер ететін маңызды факторлардың бірі – тыңайтқыштарды енгізу екендігі анықталды. Зерттеушілердің айтуынша, тыңайтқыштарды дұрыс енгізу өнімділікті 50%-ға дейін арттырады. Бұл ретте минералдық тыңайтқыштардың әрбір тоннасы шамамен 10 т қосымша қант қызылшасы өнімін беретіндігі дәлелденген. Қазақстан жағдайында қант қызылшасын 2-3 рет толық минералды тыңайтқыштармен қоректендіреді. Есептелген тыңайтқыш нормасы егін алдында енгізілген. Тыңайтқыш нормаларын есептеу 20 т/га; 25 т/га және 35 т/га өнімділік есебімен жүргізілген. Өнімділік қант қызылшасы телімінің есеп алаңынан жинау арқылы, олардың санын анықтау арқылы анықталған. Тамыр жемістердің қанттылығы Тараз қант зауытында суық сулы дигестия әдісімен анықталған. Тыңайтқыштардың қант қызылшасының өнімділігі мен тамыр жемістерінің қанттылығына әсерін зерттеу келесідей схема бойынша жүргізілген: 1-нұсқа – бақылау; 2-нұсқа - 20,0 т/га өнім алу үшін N – 75 кг, P – 80, K – 75 кг/га енгізу, 3-нұсқа - 25,0 т/га өнім алу үшін N – 100 кг, P – 120, K – 100 кг/га енгізу, 4-нұсқа - 35,0 т/га өнім алу үшін N – 120 кг, P – 130, K – 120 кг/га енгізу.


Тәжірибелер кезінде жүргізілген фенологиялық байқаулар нәтижелері 1-кестеде көрсетілген. Фенологиялық байқау нәтижелерін талдау өсімдіктердің өсуі мен дамуы орташа көпжылдық деректерге жақын мерзімдерде жүргенін көрсетеді. Қант қызылшасы дамуының фенологиялық фазаларының басталуы тәжірибе нұсқалары бойынша айтарлықтай ерекшеленбегенін көрсетеді.

1-кесте. Қант қызылшасы тамыржемістерін есепке алу бойынша фенологиялық байқау нәтижелері.

| Фенофазалардың басталуы | Егу басталғаннан кейінге күндер саны |
|---|---|
| 1. Қант қызылшасының толық өсіп шығуы | 9-10 |
| 2. Қант қызылшасының «айыр» сатысы | 13-14 |
| 3. Нағыз жапырақтардың бірінші жұбы | 23-25 |
| 4. Нағыз жапырақтардың екінші жұбы | 30-32 |
| 5. Нағыз жапырақтардың үшінші жұбы | 34-35 |
| 6. Нағыз жапырақтардың төртінші жұбы | 39-40 |
| 7. Қатарлардағы жапырақтардың жанасуы | 49-50 |
| 8. Қатар аралықтарындағы жапырақтардың жанасуы | 55-56 |
| 9. Жинау | 127 |

Қант қызылшасы өсімдіктері массасының жинақталу динамикасын есепке алу, әр түрлі мөлшерде енгізілген минералдық тыңайтқыштардың өсімдіктердің қоректік режимін оңтайлы етіп, өсімдік массасының жинақталуына оң әсер еткенін көрсетеді (1-диагр.).

Алынған нәтижелер тыңайтқыштардың қант қызылшасының өнімділігі мен қант жинақтауға әсері маңызды және біркелкі емес екенін, сондай-ақ оның тыңайтқыш мөлшеріне байланысты екенін көрсетеді. Келтірілген деректерден көрініп тұрғандай, тыңайтқыштарды қолдану қант қызылшасының тамыр жемістерінің өнімділігін арттырды. Бұл ретте, тыңайтқыш мөлшерінің ұлғаюы қызылша өнімділігін арттырды.




1-диаграмма. Тыңайтқыштардың қант қызылшасы өсімдіктері массасының жинақталуына әсері

Ал тамыр жемістерінің ең жоғары өнімділігі жоспарланған 30,0 т/га (N-120, P -130, K - 120) өнім алу үшін тыңайтқыш енгізген кезде алынды және 27,1 т/га құрады, бұл өнімнің 53%-ға артқанын көрсетеді. Екінші нұсқада тыңайтқыш енгізу 19,5 т/га қант қызылшасы өнімін алуға мүмкіндік берді, бұл бақылау құсқасымен салыстырғанда 7,14%-ға, ал үшінші нұсқада – 26,92%-ға артық болды.

Тамыр жемістерде қант жинақталу да өнімділікке сәйкес болды: екінші нұсқада ол 6,56%-ға, үшінші нұсқада – 29,51%-ға, ал төртінші нұсқада – 49,18%-ға жоғары болды. Ал тамыр жемістерінің қанттылығына тыңайтқыштарды қолдану айтарлықтай әсер етпеді. Бұл көрсеткіш бақылау деңгейінде қалды.

**Қорытынды.** Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайлары Алматы облысының 10 ауданында, Жамбыл облысының 5 ауданында және Оңтүстік Қазақстан облысының 4 ауданында өнімділік деңгейі, өнім сапасы және шығындар деңгейі айтарлықтай айырмашылықтармен қант қызылшасын өсіруге мүмкіндік береді. Қант қызылшасын өсіру кезінде дақыл өнімділігіне әсер ететін маңызды факторлардың бірі – тыңайтқыштар енгізу. Тыңайтқыштарды әр түрлі мөлшерде қолдану өсімдіктердің қоректік режимін оңтайлы етіп, өсімдік массасының жинақталуына оң әсер етіп, тамыр жемістерінің өнімділігін арттырды. Бұл ретте, тыңайтқыш мөлшерін арттыру- қызылша өнімділігін 7,14 - 53%-ға көтеріп, тамыр жемістердің қант жинақтауын 6,56 - 49,18% шегінде арттырды. Бірақ, тыңайтқыштарды қолдану қант қызылшасының қанттылығына айтарлықтай әсер етпеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Гатаулина, Г. Г. Растениеводство: учебник / Г. Г. Гатаулина, П. Д. Бугаев, В. Е. Долгодворов; ред. Г. Г. Гатаулина. - М. : ИНФРА-М, 2019. - 608 с.

2. Зайцева Н.В., Беседин Н.В. Динамика нарастания корнеплодов и влияние способов внесения минеральных удобрений на сахаристость гибридов сахарной свеклы.// Вестник Курской государственной сельскохозяйственной академии. -2018, № 10. С. 27-32.

3. Сыздыкпаев Е.Т. Развитие сахарной отрасли в обеспечении продовольственной безопасности Республики Казахстан.

4. Рекомендации по проведению весенне-полевых работ на юго-востоке Казахстана в 2020 году / Агеенко А.В., Рсалиев Ш.С., Баймагамбетова К.К и др., 2020. – 24 с.

**Айтмағанбетова Әсемгүл Серікбаевна**
Бастауыш білім беру мамандығының 4-курс студенті
Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі
Ақмола облысы, Көкшетау қаласы



# ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЫҚПАЛЫ

**Аннатация:** Әлемдік білім беру жүйесі қарқынды цифрландыру үдерісін бастан кешіруде. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы білім беру саласына жаңа мүмкіндіктермен қатар, жаңа талаптарды да алып келді. Бүгінгі таңда цифрлық білім беру ортасы оқушылардың білім сапасын арттырумен қатар, олардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты мұғалімнің педагогикалық ықпалы ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл мақалада цифрлық білім беру жағдайында оқушылардың тұлғалық дамуын қалыптастырудағы мұғалімнің рөлі жан-жақты қарастырылады. Сонымен қатар оқушы тұлғасының дамуына әсер ететін негізгі факторлар, цифрлық білім беру ортасының ерекшеліктері, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі және заманауи педагогикалық технологиялардың тиімділігі талданады. Мақалада цифрлық білім беру жағдайында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың жауапкершілігін қалыптастыру, сыни ойлауын жетілдіру және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету мәселелері кеңінен қарастырылған. Сондай-ақ мұғалімнің тұлғалық үлгісі мен тәрбиелік ықпалының маңыздылығы айқындалады.

**Кілт сөздер:** Цифрлық білім беру, педагогикалық ықпал, тұлғалық даму, мұғалім, цифрлық технология, оқушы тұлғасы, білім беру жүйесі, инновациялық оқыту, ақпараттық технологиялар, тәрбиелік ықпал.

Қоғамның даму қарқыны білім беру жүйесіне үлкен өзгерістер енгізуде. XXI ғасыр ақпараттық технологиялардың, цифрлық құралдардың және инновациялық платформалардың ғасыры ретінде сипатталады. Соңғы жылдары әлемнің көптеген елдерінде білім беру жүйесі цифрлық форматқа көшіп, оқыту үдерісінде жаңа әдістер мен технологиялар кеңінен қолданылуда. Бұл өзгерістер Қазақстандағы білім беру жүйесіне де тікелей әсер етті. Бүгінгі таңда мектептерде электронды оқулықтар, интерактивті тақталар, онлайн платформалар, қашықтықтан оқыту жүйелері мен түрлі цифрлық бағдарламалар кеңінен пайдаланылуда. Мұның барлығы оқушылардың білім алу мүмкіндігін арттырып қана қоймай, олардың тұлғалық дамуына да ықпал етуде.

Оқушы тұлғасын қалыптастыру – педагогиканың ең маңызды мәселелерінің бірі. Тұлғалық даму дегеніміз – адамның рухани, интеллектуалдық, мәдени, адамгершілік және әлеуметтік қасиеттерінің қалыптасу үдерісі. Әрбір оқушының бойында белгілі бір қабілет, қызығушылық және мінез ерекшеліктері болады. Мұғалімнің негізгі міндеті – сол қасиеттерді

дамыту, оқушыны қоғамға бейімделген, білімді, мәдениетті және жауапкершілігі жоғары тұлға ретінде тәрбиелеу.

Цифрлық білім беру жағдайында мұғалімнің рөлі бұрынғыдан да күрделене түсті. Егер дәстүрлі оқыту жүйесінде мұғалім тек білім беруші ретінде қарастырылса, қазіргі заманда ол бағыттаушы, кеңесші, ұйымдастырушы және психологиялық қолдау көрсетуші тұлғаға айналды. Себебі қазіргі оқушылар ақпаратты тек мұғалімнен ғана емес, интернет желісі, әлеуметтік желілер және түрлі онлайн ресурстар арқылы да алады. Сондықтан мұғалім оқушылардың ақпаратты дұрыс пайдалануына, оны талдап, сараптауына көмектесуі қажет.

Сонымен қатар цифрлық ортада оқушылардың тәрбиесіне қатысты бірқатар мәселелер де туындайды. Ұялы телефон мен интернетке тәуелділік, әлеуметтік қарым-қатынастың әлсіреуі, жалған ақпараттардың таралуы, кибербуллинг секілді мәселелер қазіргі қоғам үшін өзекті болып отыр. Мұндай жағдайда мұғалімнің педагогикалық ықпалы ерекше маңызды. Мұғалім оқушылардың тек білімін жетілдіріп қана қоймай, олардың рухани құндылықтарын, мәдениетін, қарым-қатынас жасау қабілетін және адамгершілік қасиеттерін дамытуы қажет.

Цифрлық білім беру ортасының ерекшеліктері

Цифрлық білім беру – білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқытуды ұйымдастырудың заманауи формасы болып табылады. Қазіргі кезде цифрлық білім беру әлемдік білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды. Оның негізгі мақсаты – оқушыларға сапалы білім беру, оқу үдерісін жеңілдету және білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Цифрлық білім беру ортасының басты ерекшелігі – ақпараттың қолжетімділігі. Бұрын оқушылар тек кітапханадағы кітаптармен немесе мұғалім берген материалдармен шектелсе, қазіргі уақытта интернет арқылы әлемдік білім қорына еркін қол жеткізе алады. Бұл оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастырады.

Сонымен қатар цифрлық білім беру оқушылардың уақытты тиімді пайдалануына мүмкіндік береді. Онлайн сабақтар, электронды тапсырмалар және виртуалды платформалар арқылы оқушылар кез келген жерде білім ала алады. Бұл әсіресе қашықтықтан оқыту кезінде өз тиімділігін көрсетті.

Алайда цифрлық білім берудің жағымды жақтарымен қатар, бірқатар қиындықтары да бар. Қазіргі оқушылардың көпшілігі әлеуметтік желілерге тәуелді болып барады. Интернеттегі қажетсіз ақпараттар олардың психологиясына теріс әсер етуі мүмкін. Кейбір оқушылар шынайы өмірдегі қарым-қатынастан гөрі виртуалды қарым-қатынасқа көбірек көңіл бөледі. Мұның салдарынан олардың коммуникативтік дағдылары төмендеп, эмоционалдық тұрақсыздық байқалады.

Сондықтан цифрлық білім беру жағдайында мұғалімнің рөлі ерекше маңызды болып табылады. Мұғалім оқушыларды тек ақпаратпен қамтамасыз етуші ғана емес, олардың тұлғалық дамуына ықпал ететін негізгі педагогикалық күш болуы тиіс.

Оқушылардың тұлғалық дамуы және оның маңызы

Тұлғалық даму – адамның ішкі жан дүниесінің, ойлау қабілетінің, мінез-құлқының және дүниетанымының қалыптасуы. Оқушы тұлғасының дамуы білім беру үдерісінің негізгі мақсаты болып саналады. Себебі қоғамға тек білімді ғана емес, рухани бай, мәдениетті, жауапкершілігі жоғары азаматтар қажет.

Қазіргі таңда оқушылардың тұлғалық дамуына әсер ететін факторлар өте көп. Отбасы, мектеп, әлеуметтік орта, интернет ресурстары және қоғамдағы өзгерістер оқушының қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Әсіресе цифрлық орта оқушылардың ойлау жүйесіне үлкен әсер етуде.

Бүгінгі оқушылар жаңа технологияларды тез меңгереді. Олар интернеттен ақпарат іздеуге, түрлі бағдарламаларды пайдалануға және әлеуметтік желілерде белсенді болуға бейім келеді. Бірақ осы мүмкіндіктермен қатар олардың бойында жауапкершілік, тәртіп және мәдениет секілді қасиеттерді қалыптастыру маңызды.

Тұлғалық дамудың маңызды көрсеткіштеріне мыналар жатады:

- өзіндік ойлау қабілеті;

- жауапкершілік;
- шығармашылық белсенділік;
- қарым-қатынас мәдениеті;
- сыни ойлау;
- өзін-өзі бағалау;
- адамгершілік қасиеттер.

Егер оқушыда осы қасиеттер қалыптасса, ол болашақта қоғамға бейімделген, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде дамиды.

Мұғалімнің педагогикалық ықпалы

Мұғалім – оқушы тұлғасын қалыптастырудағы басты тұлға. Оның кәсіби біліктілігі, мінез-құлқы, сөйлеу мәдениеті және адамгершілік қасиеттері оқушыларға тікелей әсер етеді. Мұғалім тек білім беруші ғана емес, тәрбиеші, бағыттаушы және үлгі көрсетуші тұлға болуы тиіс.

Педагогикалық ықпал – мұғалімнің оқушының санасына, мінез-құлқына және тұлғалық қасиеттеріне жүйелі түрде әсер етуі. Бұл ықпал сөз арқылы, іс-әрекет арқылы және қарым-қатынас арқылы жүзеге асады.

Қазіргі цифрлық білім беру жағдайында мұғалімнің педагогикалық ықпалы бірнеше бағытта көрінеді.

Біріншіден, мұғалім оқушылардың цифрлық мәдениетін қалыптастырады. Қазіргі жастар интернетті көп қолданғанымен, ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін толық түсіне бермейді. Мұғалім оқушыларға интернеттегі этика ережелерін, қауіпсіздік талаптарын және жалған ақпараттан сақтану жолдарын үйретуі қажет.

Екіншіден, мұғалім оқушылардың мотивациясын арттыруы тиіс. Кейбір оқушылар онлайн сабақтар кезінде белсенділік танытпайды, сабаққа қызығушылығы төмендейді. Осындай жағдайда мұғалім түрлі интерактивті әдістерді қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын оятуы керек.

Үшіншіден, мұғалім оқушылардың психологиялық жағдайына назар аударуы қажет. Қазіргі таңда көптеген балалар уақыттарының басым бөлігін телефон мен компьютер алдында өткізеді. Бұл олардың денсаулығына және психологиялық жағдайына әсер етеді. Сондықтан мұғалім оқушылармен ашық қарым-қатынас орнатып, оларды қолдап отыруы маңызды.

Заманауи педагогикалық технологиялардың тиімділігі

Цифрлық білім беру жағдайында заманауи педагогикалық технологияларды қолдану ерекше маңызға ие. Қазіргі мұғалім дәстүрлі оқыту әдістерімен ғана шектелмей, инновациялық технологияларды да тиімді пайдалана білуі қажет.

Мысалы, жобалық оқыту әдісі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы оқушылар белгілі бір мәселені зерттеп, өз жобаларын дайындайды. Жоба қорғау барысында олар өз ойын еркін жеткізіп, жауапкершілікті сезінеді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы да оқушылардың тұлғалық дамуына үлкен әсер етеді. Бұл технология арқылы оқушылар ақпаратты талдап, салыстырып, өз пікірін дәлелдеуге үйренеді.

Интерактивті әдістер де өте тиімді болып саналады. Онлайн тесттер, виртуалды зертханалар, бейнесабақтар және түрлі платформалар оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Сонымен қатар топтық жұмыс әдістері оқушылардың қарым-қатынас жасау қабілетін дамытады. Олар бір-бірімен пікір алмасып, ортақ шешім қабылдауға үйренеді. Бұл болашақта олардың әлеуметтік бейімделуіне көмектеседі.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі

Цифрлық білім беру жағдайында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі ерекше маңызды. Мұғалім жаңа технологияларды меңгеріп, оларды тиімді қолдана білуі қажет. Себебі қазіргі заман оқушылары цифрлық ортада өмір сүріп жатыр.

Егер мұғалім цифрлық технологияларды дұрыс пайдалана алса, онда білім беру үдерісі әлдеқайда тиімді болады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, цифрлық білім беру жағдайында оқушылардың тұлғалық дамуын қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Қазіргі қоғамда ақпараттық технологиялар қарқынды дамып жатқандықтан, білім беру жүйесі де осы өзгерістерге бейімделуде. Мұндай жағдайда мұғалімнің педагогикалық ықпалы ерекше маңызға ие.

Мұғалім оқушылардың тек білім деңгейін арттырумен шектелмей, олардың рухани, мәдени және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруы тиіс. Цифрлық ортада оқушылардың тәрбиесіне ерекше назар аудару қажет. Себебі интернет пен әлеуметтік желілер кей жағдайда оқушылардың мінез-құлқына теріс әсер етуі мүмкін.

Сондықтан мұғалім оқушыларға дұрыс бағыт беріп, олардың тұлғалық дамуына жағдай жасауы қажет. Заманауи педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, сыни ойлауын және жауапкершілігін дамытуға болады.

Болашақта цифрлық білім беру жүйесі одан әрі дамиды. Осыған байланысты мұғалімдер өздерінің кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіріп, жаңа технологияларды меңгеруі қажет. Сонда ғана жан-жақты дамыған, білімді және бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға мүмкіндік болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2023.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2022.
3. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2019.
4. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – Москва, 2018.
5. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – Москва, 2020.
6. Выготский Л.С. Психология развития личности. – Москва, 2018.
7. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. – Алматы: Дарын, 2020.
8. Жүнісбек Ә. Қазіргі білім беру технологиялары. – Алматы, 2021.
9. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. – Москва, 2019.
10. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Алматы, 2017.
11.https://ust.kz/word/cifrlyq_tehnologiyalar_jane_jasandy_intellekt__bilim_beryding_janga_dayiri-413587.html
12. https://egemen.kz/article/401229-tsifrlyq-pedagogika-zhasandy-intellekt-dauirindegi-ustaz-roli

**Журналдың құрылтайшысы және иесі:**
«BAYANDY» жеке кәсіпкерлігіне қарасты «KEMENGER» ғылыми-әдістемелік орталығы.

**Учредитель и собственник журнала:**
Научно-методический центр «KEMENGER», относящийся к индивидуальному предпринимателю «BAYANDY».

The founder and owner of the magazine
is the Scientific and Methodological Center "KEMENGER", which belongs to the individual entrepreneur "BAYANDY".

Құрметті оқырмандар мен авторлар!
Журналда жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің анықтығына, сондай-ақ стилистикалық қателерге авторлар жауапты.
Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Уважаемые читатели и авторы!
Опубликованные в журнале материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях, а также за стилистические ошибки несут авторы.
Перепечатка материалов, опубликованных в журнале, допускается только с согласия редакции.

Dear readers and authors!
The materials published in the journal do not reflect the editorial board's point of view. The authors are responsible for the accuracy of facts and information in publications, as well as for stylistic errors.
Reprinting of materials published in the journal is allowed only with the consent of the editorial board.

Мекенжайы:
100012, Қарағанды қ.,
Н. Назарбаев даңғ., 19.
E-mail: kemengerustaz.kz@mail.ru
Инстаграм: kemengerustaz.kz
Сайт: kemenger-ustaz.kz
WhatsApp +77009700098
+77711812303

Наш адрес:
100012, г. Караганда,
пр. Н. Назарбаева, 19.
E-mail: kemengerustaz.kz@mail.ru
Инстаграм: kemengerustaz.kz
Сайт: kemenger-ustaz.kz
WhatsApp +77009700098
+77711812303

Address:
100012, Karaganda,
N. Nazarbayev Ave., 19.
E-mail: kemengerustaz.kz@mail.ru
Instagram: kemengerustaz.kz
Website: kemenger-ustaz.kz
WhatsApp +77009700098
+77711812303

Басуға 9.06.2026 ж. қол қойылды.

Подписано в печать 9.06.2026 г.

The press was signed on 9.06.2026.

Пішім 60*90 1/8
ш.б.т. - 26. RISO басылым.
Таралымы - 50 дана.

Формат 60*90 1/8
усл.печ.л. - 26. Печать RISO.
Тираж - 50 экз.

Format 60*90 1/8
USL.patch.L. - 26. Seal...
Circulation-50 mkbz.

«BAYANDY» жеке кәсіпкерлігіне қарасты «KEMENGER» ғылыми-әдістемелік орталығының полиграфиялық қызметтер бөлімінде басылып шығарылды.

Отпечатано в полиграфическом отделе НМЦ «KEMENGER» ИП «BAYANDY».

Published in the Department of printing services of the scientific and methodological Center "KEMENGER" under the private enterprise "BAYANDY".

QR-кодты сканерлеу арқылы бізбен тікелей байланысқа шыға аласыз.
Вы можете связаться с нами напрямую, отсканировав QR-код.
You can contact us directly by scanning the QR code.

